

# Баға ТАҒЫ БАСЫНЫП шыға келді...

Жанаргүл Мұқатай

Еліміздің Мұнай және газ министрлігі тамыз айынан бастап жанар-жағармайдың бағасын тағы да көтеріп, оны бөлшектен сатудың жаңа шектеулі деңгейін белгілеген болатын. Министрліктің бекіткен жаңа бағасы бойынша Қазақстандағы жанармай құю станцияларында АИ-92 маркалы жанармай – 106 теңге, АИ-80 – 86 теңге, дизельді отын – 90 теңге болуы тиіс екендігіне қарамастан облысымыздың көптеген аймақтары мен Өскеменнің өзінде бұл талап сақталмай отыр.

Қаладағы жанармай құю станцияларының басым бөлігінде ең өтімді АИ-92 маркалы жанармай 115 теңгеден сатылып жатыр. Жуықта өткен әкімдік аппаратының кеңейтілген кеңесінде облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ Семей, Өскемен, Риддер қалаларында, Глубокое, Жарма, Шемонайха аудандарында жанармайдың бағасы Үкімет белгілеген мөлшерден қымбат болып отырғанын атап айтып, құқық қорғау, қадағалаушы органдарға түйткілді мәселенің түп төркінін анықтап, шара қабылдауға тапсырма берген болатын.


Жанармайдың қымбаттауы өз алдына, облыстағы кейбір өңірлерде мұнай өнімдерінің тапшылығы пайда бола бастады. Жоғары октанды жанармай мен жағармай іздеген жүргізушілер жанармай нарығының бұлайша күрделенуі өз бизнесін күйттеген кәсіпкерлердің министрлік бекіткен шартқа көрсеткен қарсылықтары, өзара келісіп алудың нәтижесі деп те түсіндіруде. Ал жеке меншік ЖЖС иелері қазіргі күні бағалардың қайтадан көтеріліп жатуын толайым саудадағы бағаның қымбаттығынан екендігін, бекітілген жаңа баға нарыққа қатысушы жақтардың қай-қайсысының болмасын экономикалық мүдделеріне жауап бере алмайтындығын, сатып алуға кеткен шығынды жаппайтынын айтып ақталуда. Олардың ойынша қалыптасқан жағдай Ресей мен Қазақстанның мұнай өнімдері нарығындағы әркімдіктен, бағаны күштеп реттеудің салдарынан туын-

дап отыр. Қазіргі күні Қазақстанда сатылып жатқан жоғарғы октанды жанармайдың 40 пайызы Ресейден тасымалдануда. Ал Ресейде АИ-92 маркалы жанармайдың бағасы 140 теңге көлемінде. Ал бізде 106 теңге. Үкімет шекті бағаны көтеріп, ішкі нарықтағы бағаны Ресейдегі бағамен теңестірмесе немесе жанар-жағармайдың толайым бағасын түсіріп, шығынсыз жұмыс істеуге жағдай жасамаса нарықтағы жағдай одан сайын күрделене бермек. Жуықта бір топ астаналық кәсіпкерлер Мұнай және газ министрлігіне осындай талап-тілектерін жолдаған болатын. Өскемендік жанармай станциялары иелері де осындай пікірде. Облыстағы жанармай станциялары жабылып қалудың алдында тұр.

Әйтсе де, Өскеменде жанар-жағармайды көрсетілген шектеулі баға бойынша саудалап жатқан станциялар да бар. Бірақ олардың дені жанар-жағармай құю станциялар желісі бар ірі компаниялардың ЖҚС-тері. Семейде, Өскеменде жанармай сатумен айналысып келе жатқан «Гелиос» ЖШС-нің бірнеше сауда нүктелері желісінде баға мемлекет бекіткен мөлшерде сатылуда. Сондай-ақ «Қазмұнайгаз» АҚ ЖҚС-да да сондай баға. Жекелеген станциялардағы баға – басқаша.

Күзгі егін орағы қызып тұрған шақта жанар-жағармай бағасының қымбаттап жатуы шаруаларды одан бетер аландатуда. Бірақ оған негіз жоқтай.

– Шаруа қожалықтары үшін күзгі жиын-терінге 27 мың тонна дизельді отын керек деп



жоспарланған болса, қазір соның 7 мың тоннасы жеткізіліп отыр. Тамыз айында – 15 мың тонна, қыркүйек айында – 12 мың тонна жеткізілмек. Іркіліс болмайды. Жағармай бағасы нарықта 92-100 теңге болса, ол шаруашылықтарға 76 теңгеден сатылуда, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы жаңа технологиялар және механикаландыру бөлімінің бастығы Сергей Бутаков.

Жүргізушілердің айтуынша, жанармай бағасының өсуі мен жанармай тапшылығы жанар-жағармайдың сапасына әсер етіп жатқан көрінеді. Жүргізуші Дулат Сағындықов сапасыз жанармай сатып, суық және шетелдік көлігіне жөптеуір нұқсан келтірген Семейдегі жеке меншік жанармай құю станциясын сотқа бермек ойда.



**Сауат МЫҢБАЕВ, Мұнай және газ министрі:**

– Мұнда екі мәселе туындап отыр. Біріншісі – баға Ресей тарапынан ырқынанып шығып өсіп отыр. Айта кетсек, 80-ші (АИ-80 маркалы бензин) қазір 43%-ға жоғарылап, дизель отыны болса – 40%-ға көтерілген. Бұл әрине, нарықты толықтай қамтуға жетпейді.

Екіншісі мәселе – біздің зауыттарда, атап айтқанда, Атырау мен Павлодарда бірқатар мәселелер туындап отыр. Оны реттейміз, ішкі нарықты жанар-жағармаймен қамтамасыз ету және оның тұрақтау мәселесі шешімін табатын болады.

Суретті түсірген Сергей Суоров